

Х.Капанов атындағы ОХІ-сы директоры
(білім беру ұйымының аталы)



**Білім беру ұйымы қызметкерлерінің, білім алушылар мен тәрбиеленушілерінің
ғимаратта және оның аумағында терроризм актісінің жасалу қаупі туындаған
кездегі іс-қимыл тәртібі**

Тәртіп қызметкерлердің, педагогтердің, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің іс-қимылдарын жүйелейді және үндестіреді, оның ішінде білім беру ұйымында және оның аумағында терроризм актісінің жасалу қаупі туындаған кезде ата-аналарды хабардар етуді көздейді.

Осы Алгоритммен ұйғарылатын іс-әрекеттерді білім беру ұйымының басшысы әрбір қызметкерге, педагогке, білім алушыға және ата-анаға (заңды өкілге) жеткізеді.

Білім беру ұйымында терроризм актісін жасау қаупі туындаған кезде жедел іс-қимыл жасауға негіз болуы мүмкін:

- қызметкерлердің, педагогтердің, білім алушылардың немесе тәрбиеленушілердің кез келгенінің күдікті пәнді анықтауы;
- білім беру ұйымына қауіп-қатердің телефон арқылы немесе жазбаша түрде түсуі;
- білім беру ұйымының қызметкерлеріне, педагогтеріне, білім алушыларына және тәрбиеленушілеріне қарулы шабуыл жасау болып табылады;
- террористердің қызметкерлерді, педагогтарды және білім алушыларды кепілге алуы және/немесе ұйымның ғимаратында немесе оның аумағында болуы.
- террористің білім беру ұйымына шабуылы.

Жоғарыда көрсетілген барлық жағдайларда білім беру ұйымының басшылығы болған жағдай туралы:

- 102 ішкі істер органдарының арнасына, "112" бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметіне;
- білім бөлімінің басшысына дереу хабарлайды.